

Дайындаушы ұйым жеке қосалқы шаруашылықтан, шаруа немесе фермер қожалығынан, ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді және өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлғадан ауыл шаруашылығы өнімін сатып алған кезде бағаның (құнның) шекті мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 наурыздағы № 5-3/261 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 12 маусымда № 11329 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 31 наурыздағы № 146 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 31.03.2016 № 146 (02.06.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Агроөнеркәсіптік кешен мен ауылдық аймақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41-3) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған дайындаушы ұйым жеке қосалқы шаруашылықтан, шаруа немесе фермер қожалығынан, ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді және өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлғадан ауыл шаруашылығы өнімін сатып алған кезде бағаның (құнның) шекті мөлшері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Экономикалық интеграция және аграрлық азық-түлік нарығы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің С. Омаров

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасының
Қ а р ж ы м и н и с т р і
----- **Б. Сұлтанов**

2015 жылғы 13 мамыр

« К Е Л І С І Л Г Е Н »
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
----- **Е. Досаев**

2015 жылғы 21 сәуір

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы н ы ң
2 0 1 5 ж ы л ғ ы 2 7 н а у р ы з д а ғ ы
№ 5 - 3 / 2 6 1 б ұ й р ы ғ ы м е н
бекітілген

Дайындаушы ұйым жеке қосалқы шаруашылықтан, шаруа немесе фермер қожалығынан, ауыл шаруашылығы өнімін өндіруді және өткізуді жүзеге асыратын заңды тұлғадан ауыл шаруашылығы өнімін сатып алған кезде бағаның (құнның) шекті мөлшері

(теңге)

№	Өнімнің атауы	Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуіші кодтары	Өлшем бірлігі	Баға
1	2	3	4	5
1.	Сауын тірі ірі қара мал	014110	килограмм	471
2.	Тірі жылқылар және басқа да жылқы тұқымдас жануарлар	014310	килограмм	554
3.	Тірі түйелер және түйе тектілер	014410	килограмм	534
4.	Тірі қойлар мен ешкілер	014511, 014512	килограмм	480
5.	Тірі шошқалар	014610	килограмм	394
6.	Тірі үй құсы	01471	килограмм	266
7.	Тауықтың шағылмаған жаңа жұмыртқасы	014721	ондық	148
8.	Ірі қара малдың жас немесе тоңазытылған еті	101111	килограмм	1 079
9.	Қойлардың, ешкілердің жас немесе тоңазытылған еті	101113, 101114	килограмм	1 072
10.	Шошқалардың жас немесе тоңазытылған еті	101112	килограмм	846
11.	Жылқылар мен жылқы тұқымдас жануарлардың жас немесе тоңазытылған еті	101115	килограмм	1 240

12.	Сауын ірі қара малдың шикі сүті	014120	литр	78
13.	Үй құсының жас немесе тоңазытылған еті	101210	килограмм	504
14.	Картоп	011351	килограмм	55
1	2	3	4	5
15.	Сәбіз	011341	килограмм	62
16.	Қырыққабат	011312	килограмм	51
17.	Баклажан	011333	килограмм	70
18.	Қызанақ	011334	килограмм	135
19.	Қияр	011332	килограмм	99
20.	Сарымсақ	011342	килограмм	420
21.	Пияз	011343	килограмм	38
22.	Қант қызылшасы	011371	килограмм	12
23.	Алмалар	012410	килограмм	182
24.	Алмұрттар	012421	килограмм	249
25.	Айва	012422	килограмм	450
26.	Өріктер	012423	килограмм	211
27.	Шие	012424	килограмм	242
28.	Шабдалы	012425	килограмм	259
29.	Қара өрік	012427	килограмм	202
30.	Түтілген жүн	101141	тонна	300 000
31.	Ірі қара малдың терісі мен иленбеген былғарысы	101142	бірлік	2 700
32.	Жылқы тұқымдас жануарлардың терісі мен иленбеген былғарысы	101142	бірлік	2 500

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК